

Білім беру саласы: «Кешенді» («Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет»)

Бөлімі – таңдау пәні (вариативтік)

Тақырыбы: Үй жануарлары: Сиыр

<b>Ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсаты:</b>	
	<ul style="list-style-type: none"><li>• сиыр туралы білетіндерін әңгімелейді;</li><li>• үш тілде айтады, буын, әріп сандарын біледі;</li><li>• сиырдың жылқы мен түйеден айырмашылығын, оларда жоқ ненің бар екенін талдайды;</li><li>• сиырдың қайсыған (түйеге ме, жылқыға ма) ұқсас екендігін тұжырымдайды;</li><li>• сиырда неше емшек болады, суретте нешеуі бейнеленгендігін түгендейді;</li><li>• екі сиырда қанша мүйіз бар, неше түспен боялған, қарындаш қанша, осы қарындаштар суретті бояуға жетеді ме, тұжырымдайды;</li></ul>
<b>Пәнаралық байланыс:</b>	
	танымдық (жаратылыстану, математика) шығармашылық (бейнелеу) коммуникациялық (сөйлеуді дамыту: қазақ, орыс, ағылшын тілдер) әлеумет (қоршаған ортамен таныстыру)
<b>Білім алушы игеретін білік-дағды:</b>	
	<ul style="list-style-type: none"><li>- үй жануарларын атайды. Сиыр туралы әңгімелейді;</li><li>- үш тілде айтады, буын, әріпті санайды;</li><li>- сиырда түйе мен жылқыда болмайтын ненің бар екенін талдайды;</li><li>- сиырдың түйеден, жылқыға ұқсасырақ дене бөліктерін көрсетеді;</li><li>- емшектің санын, оның біреуінің неге көрінбей тұрғанын бейнелеп айтады;</li><li>- екі сиыр мүйізін қосып, оның неше болатынын көрсетеді, бірақ түстің бар екенін, бірақ осы үш түрлі түсті қарындашпен шығаруға болатындығын нақтылайды?</li></ul>
<b>ҰОҚ-ның ЖОСПАРЫ<sup>1</sup>:</b>	
	<ol style="list-style-type: none"><li>1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс) (5 мин.)</li><li>2. Тапсырма орындау (топтық және өздік жұмыс) (3 мин. топтық, 3+3+8+4 мин. өздік)</li><li>3. Қорытынды рефлексия (жұптық және жеке жұмыс) (4 мин. жұптық)</li></ol>
<b>1. Тақырып мазмұнын ашу (топпен жұмыс)</b>	

<sup>1</sup> Ескерту: ҰОҚ - ұйымдастырылған оқу қызметі мектеп жағдайда сабақ болып ауыстырылады.

**Топпен жұмыс:**

Дидактикалық ойын «Бұл не?». (суреттермен жұмыс)




Топпен суреттегі сиыр өнімдері туралы әңгімелейді...  
(коммуникациялық дағды қалыптасады)


**ҮЙ ЖАНУАРЛАР – СИЫР**  
(кітапшамен жұмыс)

1. Полилингвалдық компонент: үш тілде айтамыз, қайталаймыз (коммуникациялық дағды қалыптастыру)

2. Кітаптағы буынға бөлініп жазылған үй жануарлар атауы: қанша буынан, қанша әріп, қанша дыбыстан тұратынын айтамыз, санды жазамыз (танымдық дағды).  
3. Түйе мен жылқыда жоқ не бар сиырда. Анықта. Белгіле.



4. Жоғарыда суретке назар аударып, сиыр қайсысына көбірек ұқсас екенін анықта. Несі ұқсас екендігін тұжырымда.



5. Кітапшашадағы суретке қарап сиырда қанша емшек болатындығын ойла, нешеуі көрініп тұратындығын көрсет.

Неше түс? Неше қарындаш? Жетеді ме? Неге?

6. Бағалау. Салыстыр



Тапсырманың орындалу деңгейіне қарай бояймыз.

Өздік жұмыс